



ІЛІЯС  
ЖАНСУГІРОВ



6



# ІЛІЯС



КӨП ТОМДЫҚ  
ШЫҒАРМАЛАР  
ЖИНАҒЫ

# ЖАНСҮГІРОВ

6

Аудармалар  
Өтірік өлеңдер

  
Алматы  
ҚАЗЫҒҰРТ  
2006

**ББК 84 Қаз 7-4**

**Ж26**

*Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат министрлігінің  
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Редакция алқасы:

**Е.Д.Далбағаев, М.М.Иманғазинов,  
Т.Көкішев, Т.М.Көпбаев**

Томды баспаға әзірлегендер:

**Е.Д.Далбағаев, Ж.Т.Жұмашева,  
М.М.Иманғазинов** (жауапты шығарушы), **А.Б.Құлжабаева**

**Жансүгіров І.**

**Ж 26** Көп томдық шығармалар жинағы. - Алматы:  
«Қазығұрт» баспасы. — 2006. Алтыншы том: Аудармалар.  
Өтірік өлеңдер. — 336 бет.

ISBN 9965-22-166-9

Бұл томға Ілияс Жансүгіровтың жетпіске жуық аударма шығармалары, «Өтірік өлеңдер», «Өтірік ертегі, ұсақ әңгімелер» деген ортақ тақырыппен түзілген топтамалары кіргізілді.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

**ББК 84 Қаз 7-4**

**Ж** 4702250201  
482 (05)-06

ISBN 9965-22-166-9 (Т.6)

ISBN 9965-22-022-0

© «Қазығұрт» баспасы, 2006

## I. ЖАНСҮГІРОВ АУДАРМАЛАРЫ

Ілияс Жансүгіров қалың қазақ оқырманын дүние жүзі классиктерінің шығармаларымен таныстырып, халқымыздың рухани байлығын көтеруді мақсат етіп, поэзиялық аудармалармен ХХ ғасырдың жиырмасыншы жылдары шұғылданып, орыс, басқа да ұлттардың атақты ақындарының әдеби туындыларын қазақ тіліне аударған.

Ілиястың көп томдық шығармаларының 6-томына жетпіске жуық аудармаларын енгізіп отырмыз. Атап айтсақ: Пушкиннен отыз бір лирикалық шығармалары, «Жебірейілнама», «Евгений Онегин», Лермонтовтан төрт өлені мен «Черкестер» поэмасы, Некрасовтан бес, Крыловтан екі шығарма. Есімдері дүние жүзіне танымал Генрих Гейнени, Виктор Гюгоны, Э.Потьени, Ғ.Тоқайды, тәжік ақыны Ғ.Лахутиді, В.Маяковскийді, ақын Д.Бедныйды, өзімен замандас ақындардан И.Уткинді, А.Жаровты, Н.Тихоновты, А.Крайскийді, А.Безыменскийді, В.Рождественскийді тағы басқа ақын-жазушыларды Ілияс қазақ тілінде сөйлетті.

Ілиястың аудармаларының ішінде асыл еңбектерінің бірі - әлемнің алтын қазынасының төрінен орыш алған «орыс өмірінің энциклопедиясы» Пушкиннің «Евгений Онегин» аудармасы.

А.С.Пушкиннің қайтыс болғанына 100 жыл толуына байланысты «Евгений Онегин» романын Ілияс, уақыттың аздығына қарамастан, 1936 жылы 6 айдың ішінде қазақ тіліне аударды. Ильфа Ілиясқызының сөзімен айтқанда, бұл «Ілиястың аударма саласындағы істеген ерлігі», оған оқырмандардың да ешбір кумәні болмас.

«Евгений Онегин» романының аудармасы түпнұсқасына жақын, мүмкіндігі болғанынша ырғақ, ұйқас шумақтарын дәл етіп, тоникалық өлең құрылысына жақын бунақтарды әдейі ізденіп, көп еңбек сіңіріп, дәл аударманың тәжірибесі ретінде ұсынылған.

**Пушкинның** образын, рухын, сөз атауларын, сонымен қатар өлең шумағын, ұйқастарын автордың өз үлгісімен беру **әр ақын-жазушының** қолынан келе бермейтін іс.

Мысалы, түпнұсқасында:

Любви все возрасты покорны;  
Но юным девственным сердцам  
Ее порывы благотворны,  
Как бури вешние полям:  
В дожде страстей они свежеют,  
И обновляются, и зреют,  
И жизнь могущая дает  
И пышный цвет и сладкий плод.  
Но в возраст поздний и бесплодный,  
На повороте наших лет,  
Печален страсти мертвый след:  
а Так бури осени холодной  
В болото обращают луг  
И обнажают лес вокруг, —

деген шумақтарды Ілекең былай **аударған**:

Махаббат жас талғамайды;  
Қыз, бозбала жүрегіне  
**Сүю, серпін** тиер жайлы.  
Жазғы желдей соққан гүлге:  
**Құмарлықтың жаңбырында**  
Жасарар да, жаңарар да,  
Жетілер де - болар күшті,  
Көркем **гүлді**, бал жемісті,  
Ал кешіккен жеміссіз **жыл**,  
**Өміріміздің** кезеңінде,  
Өлген арман **қайғы** мүдде:  
Сондай күзгі **суық** дауыл  
Қылар **батпақ көкорайды**,  
Жалаңаштар көк орманды.

Бұл жерде аудармашы **түпнұсқадағы** кейбір **сөздерге қазақша** дап балама тауып, толық мазмұнын берген.

Мысалы:

Любви все возрасты покорны — Махаббат жас **талғамайды**.  
Ее порывы благотворны — Сүю, серпін тиер жайлы.  
Печален страсти мертвый след — Өлген арман **қайғы мүдде**.

Осы шумақтарды екі тілде оқығанда, екі ұлы ақынның жүректері бір ырғақпен сокқандай... Атақты А.С.Пушкинді қазақ тілінде сөйлете білген Ілиястың да данышпан екендігіне көз жетеді.

Романда тек орыс тіліне ғана тән, қазақ сөз қорында болмаған сөздер де бар. Ілекең жасандылыққа бармаған, оларды түпнұскадан қазақ аудармасына өзгертпей көшірген.

Кәдімгі обоз, үш пәуеске  
Үй мүлкіне толған көште,  
Кастрюльке, стул, сандық,  
Варенье, башмақ, мамық...

Автор нағыз орыс өмірінің бояуын реализмге жақындатып керсету мақсатымен аударған, немесе бұл Ілияс Жансүгіровтің өзінің жеке авторлық стилі деп білуге болады...

М.Ю.Лермонтовтың «Ақынның өлімі» атты өлеңінің аудармасында жас ақынның шындыққа жан-жүрегімен талпынғанын, бостандықшыл ынтасын, «тәңірі соттың» бар екендігіне сенгенін ана тілінде оқырмандарға жеткізе алған.

Но есть и божий суд и правда, все молчи!..  
Есть грозный суд: он ждет;  
Он не доступен звону злата,  
И мысли и дела он знает наперед.

Бірақ бар, бар тәңірі соты, қар қауым!  
Тосып отыр, ТПП қатты қаһарын,  
Алуға оны алтын әлі жетпейді,  
Іс, ниетің оған бұрын мағлұм.

Лермонтовтың өлеңі әрі орынды, ойлы, өткір, ызалы:

Зачем он руку дал клеветникам ничтожным,  
Зачем поверил он словам и ласкам ложным,  
Он, с юных лет постигнувший людей?..

Кансыз куға қолын неге берді екен?  
Жалған жылмаң сезге неге сенді екен?  
Ол таныса керек еді кісіні,  
Бала жастан білмейтіні кемде-кем.

І.Жансүгіров орыс және дүние жүзі классиктері поэзиясының рухани күшін, тамаша жан сұлулығын, киял-армандарын, адамгершілік




сезімдерін аударма еңбектерімен қазақ халқының жүрегіне жеткізе білді  
Мұнысымен Ілияс тек өз халқының ғана емес, басқа халықтардың да  
жыршысы дәрежесіне көтерілген

**ҚАДІР АСҚА**

**Ардақ Әбеуқызы ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,  
Ілияс Жансүгіров әдеби мұражайының  
ғылыми қызметкері**

# Аудармалар



## А. С. ПУШКИННЕН

### ЖЫРЛАМА, СУДУ, МЕН БАРДА

Тілегім сенен, сұлуым,  
Жырлайтын жырды грузин  
Мен барында жырлама.  
Өртеп жанды алады,  
Ол жыр еске салады  
Ұмытқанды біржола.

Ол жыр еске салады:  
Улы сенің әнінді,  
Айлы түнді ай дала,  
Алыс қалған асықты,  
Адыра қалған жастықты,  
Қалған қаран айнала.

Мен бір нәзік үреймін,  
Токсан толғап түлеймін,  
Сені көрсем ұмытам...  
Бірақ сен ән саласың,  
Сүйтіп мазамды аласың,  
Ұмытқанды шұбыртам.

Тілегім сенен, сұлуым,  
Мен барында, грузин  
Қайғылы күйін жырлама.  
Өшкенімді жандырма,  
Өлгенімді тірілтпе,  
Жырлаймын деп улама!

## ЧААДАЕВҚА

Үміт, сүю, паң атак  
Алдаумен аз тұрғандай  
Бітті біздің жас ойнақ  
Түтін, таңғы тұмандай!

Бірақ бізде ол тілек:  
Табанында тағдырдың  
Өрлігімен көңілдің  
Отан үнін естілік.

Бейне біз де бірдейміз  
Жарын күткен жігітпен,  
Еркіндікті күтеміз  
Талықсыған үмітпен.

Жүрек бар да ар үшін,  
Бостандықтан ол барда,  
Асқар көңіл бар күшін  
Арнайық, дос, Отанға.

Атар, жолдас, бақыт таң, —  
Жатпас Ресей мәңгі ұйқтап,  
Патшаның тәж-тактына  
Жазылады біздің ат!

## СІБІРГЕ ХАТ

Сібірдің шахтасының шыңырауында  
Име бас, ірілік қыл, шыда, шыда,  
Жойылмас азап ауыр еңбектерің,  
Асқағы асқар ойдың бітпес бұ да.

Қараңғы жер астында сорға сынар  
Сол үміт — сенімді жар, үміт болар.  
Сергілтер көңілінді қайрат беріп,  
Үмітпен күткен күн де келіп қалар.

Қақ жарып азап інді, азабынды,  
Сияқты жеткізгенім азат үнді,  
Достық та, махаббат та жетер әлі-ақ,  
Қақ жарып берік қорған, қараңғыны.

Ауырлық бұғау түсер, кісен сынар,  
Ашылар қараңғылық, зындан күлар.  
Бостандық қуанышпен құшақ жайып,  
Үстатар қылышыңды туысқандар.

## ГҮЛ

Ұмытылып семген гүл  
Қалыпты кітап ішінде.  
Ғажап! — Қиял қозғап тіл  
Дедім қарап түсіне:  
— Қайда өстің, қашан? Қай жазда?  
Көгердің қанша? Кім үзді?  
Жақын ба? Жат па? Араз ба?  
Салған мұнда кім сізді?  
Еркелі жолығыс! Оңаша,  
Әлде арманды айырылыс?  
Әлде оңаша — тамаша?  
Сахрада саялы һәм тыныш!  
Сонда солар тірі ме?  
Қазір қайда мекені?  
Әлде кеуіп-семді ме  
Осы гүлдей ет-өңі?

## ЛИЛАҒА

Ли́ла, Ли́ла, мен күйем,  
Өртті, дертті қайғыңмен.  
Мен кажыдым, мен өлем,  
Өшем жалын жаныммен.

Болды арамтер мен сүю,  
Мен бір сорлың күлкі еткен.

Мейлін, Лила, сен сұлу, жолы  
Сезімі жоқ, көрік біткенің •  
Л-  
сн;

## АРИОН

Біз қайықта көп едік;  
Желкенді біреулер жекті,  
Тереңге сермеп, жөнелдік,  
Өзгелер есті ескекті.  
Жетекшіміз данышпан,  
Желсізде ұстап рульді,  
Үнсіз ауыр қайықты  
Алып жүзді ілгері.  
Мен де қамсыз сенім мол,  
Оларға айттым... өленді;  
Бір кезде шулы көк дауыл,  
Толқын теуіп жөнелді...  
Батты басшы — жетекші! —  
Тек сырлы ақын, жалғыз мен,  
Лақтырылдым жағаға  
Найзағайдан серпіген,  
Мұнажатқа ежелгі  
Жырлап, көңлім, айтшы өлең,  
Құз жартастың астында  
Хұлла тонды малшынған  
Күншуаққа келтірем.

## ТҰТҚЫН

Қараңғы, дымқыл капаста,  
Отъф ем, тордан сығалап,  
Еркінде шалқып жас қыран,  
Жем іздеп келді жағалап.

Қайғылы мендей жолдасым,  
Қанатын жиып алды да:  
Шоқыды қанды қалжасын,  
Терезенің алдында.

Шоқиды ойып жемтікті,  
Терезеге қадалды.  
Ойласқандай менімен  
Сарыла салды назарды.

Жер шенеп, көкті көксеген,  
Есіркеп қырдың қыраны,  
Назарымен шақырыш,  
Айтқандай болды мынаны:

— Біз еркін құс, күн жетті,  
Бұлдырлап бұлтта ұшалық.  
Жарысып желмен теңізде,  
Асқардың төсін құшалық.

## ҚАРА БҮЛТ

Дауылдың қуғынынан қалған бұлт!  
Сен ғана ашық көкте жүрсің жылжып.  
Сен ғана қайғы жауып көлеңке еткен,  
Сен ғана шаттық күнді кірбендеткен.

Күшті жай құшып сені құшағына,  
Сен едің аспанды алған кеше ғана.  
Сен едің жасырын жай шартылдатқан,  
Сусаған жерге жауып сусындатқан.

Қара бұлт, жетер, жоғал! Дәурен кетті,  
Өзгерді, жер жаңарды, дауыл өтті.  
Желпінтіп жапырақты, құлпыртып жер,  
Тыншыған көктен сені қуалар жел.

## СЕЗІК

Желсіз күні жиналып,  
Тағы да бұлт торлады.  
Қас тағдырым пәлесі  
Тағы да басқа орнады.

Дұшпандықты тағдырға  
Сақтап қала алам ба?  
Иә, өр жастық өрлігін,  
Менмендігін, көндімін,  
Иә, қарсы алып барам ба?  
Қажыпты өмір қуғыны,  
Көндім, күтем дауыдды.  
Бәлкім, тағы құтылам,  
Табам тағы жолымды...  
Айрылуға қисын бар,  
Хауіп сағат соғылды.  
Бұл шырмаған қырсыктан  
Ойламай азат болуды,  
Сондығынан, періштем,  
Асығамын соңғы рет,  
Қалуға қысып қолынды.  
Мүләйім, момын, періштем,  
Сыбырла маған: ғафу ет,  
Қайғыр: нәзік көзінді  
Иә көтер, иә төмендет.  
Сенің еске алғаның,  
Ол жанымның өрлігі,  
Тірегі, үміт, қуаты,  
Жас күнімнің ерлігі.

## ЕРТЕГІ

### *Ноэл*

Ура! Ресейге шабад  
Көшпелі деспот,  
Айса жылайд;  
Онымен бірге бар жұрт.  
Мария жұбатып Айсаны қорқытад:  
«Жыламашы, балам, жыламашы:  
Бука-бука — кеп қалды орыс патшасы!»  
Патша келеді де мынаны айтад:

«Ұғындар, халық Российский,  
Бар әлемге ұқтырдым.



Прусский, Австрийский  
Өзіме мұндир тіктірдім.  
Ой, халық, қуан: саумын, семізбін, тоқпын,  
Газетші мактауымды жеткізді менің,  
Жедім, штім, істеймін дедім — істеген жокпын.  
Үк тағы, үстеуімен,  
Соңынан мен не қылам:  
Лавровка — отставка берем,  
Ал Сақты — сары үйге тығам.  
Горголидің орнына сізді закунге көндірем,  
Адамдарға адамның барлық правосы деймін,  
Мұны патшалық рахымыммен,  
Бергенім өз еркіммен».  
Қуанып кетіп төсекте,  
Секіріп тұрды баласы. «Шын ба?  
Жок, қалжың ба?»  
Кейіп кетті анасы:  
«Пай-пай-пай, тентегім!  
Ұйықтармысың сен тегі.  
Жұмармысың көзінді,  
Ұйықтатпас па өзінді  
Патша-әкең айтқан ертегі!»

## «РОССИЯ ТАРИХЫН» ЖАЗУШЫҒА

Тарихы оның тым көркем, түсінікті,  
Бізге әбден керек деп дәлелдепті:  
Заңсыз залым патша жұрт билеуін,  
Болуын қолындағы қамшы мықты.

## СЕН ДЕ МЕН<sup>1</sup>

Сен бай, мен бір қу кедей,  
Сен прозаик, мен ақын.  
Сен қандысын мак гүлдей,  
Мен қансызбын өлімдей.

<sup>1</sup> «Сен» — I Александр

Бейнет көрмей өміріңе,  
Биік үйде тұрасың.  
Мен ші, уайым, әуреді,  
Күн өткізем саламда,  
Үй қып үйдің панасын.  
**Күнде тәтті** жегенге,  
Арақтан аузың борсыды.  
Ерінесің төлеуге  
**Табиғатқа** боршынды.  
Мен ші, қатты, кесек нан,  
Суық, сасық суымнан,  
Чердағимнің түбінен,  
**Белгілі қажет** өтеуге  
Жүз саржаға жүгірем.  
Айналаң құл үйірі,  
**Ақиып** деспотизммен  
**Қорқыта** қарап бөртесің,  
Семіз афедронынды  
Бәтеспенен сүртесің.  
Ал мен байғұс, қайтемін?  
Балалық сәнін не етемін,  
Мен, жазалы тесікті,  
Хвостовтың<sup>1</sup> қатты жырымен  
Тыржисам да сүртемін.

## **ҰЙҚЫСЫЗ ТҮНДЕП ӨЛЕҢ**

Келмейді **ұйқым**, от та жоқ;  
Қараңғы, **ұйқым** мазасыз.  
Тек **ұдайы** бір дабыс  
Беріп сағат **тұр** жуық.  
Паркий<sup>2</sup> кемпір күбірі,  
Түннің **ұйқысырауы**.  
Өмірдің **тышқан** қыбыры,  
Тыншытпайсың неге әлі?  
Күнгірт күбір сен несін?  
Бастан кешкен күнімнің,  
**Айтғың** ба зар, **күнкілін?** ~~қана~~

Өзің нені тілейсің?  
Шақырасың, болжайсың  
Алдымдағы күнімді?  
Түсінуге мұныңды  
Үйренейін тіліңді.

## ТҮМАРЫМ

Сақта мені, тұмарым,  
Қуған күні сен сақта,  
Өкініште, опықта;  
Тар күнімде ұшырадың.

Сапырып теңіз суларын  
Айналамда өкірсе,  
Бұлт басып, жай жеткірсе,  
Сақта мені, тұмарым.

Жерінде жат жұрттардың,  
Жалғыз үйде қалғанда,  
Жалындаған майданда,  
Сақта мені, тұмарым.

Сиқырлы жан шырағым...  
Қасиетті тәтті алдау,  
Айныды да жоғалды-ау...  
Сақта мені, тұмарым.

Сеппесін ой уларын,  
Жүрек жара, күшті дерт,  
Ұйқта тілек, хош үміт,  
Сақта мені, тұмарым.

## ҚОС ҚАРҒА

Қарғаға қарға жақындап,  
Қарғаға қарға қарқылдайт:

«Қарға-ау, бізге жем бар ма?  
Жемді көрер жер бар ма?»

Қарғаға қарға жауапта:  
«Білем, жарар тамаққа;  
Өлтірілген бір батыр,  
Тал түбінде сол жатыр.

Неге, өлтірген кім еді,  
Сұңқар ғана біледі,  
Тұлпар ғана білуші ед,  
Білуші еді келіншек.

Кетті орманға сұңқар да,  
Мінді дұспан тұлпарға.  
Күтті келіншек бірісін,  
Өлгені емес, тірісін».

## АЛТЫН МЕН БОЛАТ

Алтын айтты: «бәрі менікі»;  
Болат айтты: «бәрі менікі»;  
Алтын айтты: «сатып алам»;  
Болат айтты: «тартып алам».

## ДАУЫЛ

Құздағы қызды көрдің бе,  
Ақ киімді сол сұлу  
Тұрды толқын үстінде.  
Қараңғыда қайнаған  
Сапырылып, аунап су,  
Жағасына жармасып,  
Толқып теңіз ойнаған,  
Кезде тынбай салып шу,  
Бұлт дүрлігіп аспанда,  
Көк күркіреп, атыш жай,  
Қызға сәуле шашқанда.

Мезгіл-мезгіл найзағай;  
Толқын шуы күрілдеп,  
Жоғарылап жел үнін,  
Қызбен ойнап дүрілдеп,  
Үшырғанда желегін,  
**Қайнаған қараңғылықта**  
Тулап теңіз ол жатса;  
**Қапталған бозаң бұлтқа**  
**Жарқылдап** аспан жай атса;  
Осылар міне **сұлу-ақ**.  
Достым, **маған** нан, бірақ:  
Аспаннан, **желден, толқыннан**  
**Құздағы қыз** сұлуырақ.

## ЖАҢҒЫРЫҚ

Аң орманда ұли ма,  
Дабыл қаққан сырнай ма,  
Шатырлай ма нажағай,  
Сай жақта **қыз** жырлай ма -  
Мейлі қандай үн.  
Үнінді еркін **һауада**  
**Қосуға** сен дайын.

Көк күрсінтсе найзағай,  
Дауыл, **толқын** дауысына;  
Тауда малшы салса айғай —  
Жауабын алатын;  
Үніне үн жоқ... дәл сондай  
**Сен** де, ақын!

## КӨШКІ

Қар боратып, қараңғы күзға шашырап,  
**Көпіріп көшкі**, тау шулатып, сатырлап,  
Дәл үстімде ұшқан қыран **саңқылдап**,  
Күңренед таудың ағашы.

Толқынды күн қараңғыда жаркылдап  
Түр жоғары тау басы.

Сонау күздан көшкі бірден құлады,  
Салдыр-гүлдір салмақпен сайды ұрады.  
Үңірейген қос күз арасындағы  
Қапшағайды бекітті.  
Қар шөгеріп құдіретті бураны  
Бөгеді асау Теректі.

Капелімде құрып қалып, суалып,  
Қайран Терек, дауысынды доғарып,  
Артқы толқын ашуымен шіреніп,  
Кеттің киіп мұз, қарды.  
Қайран Терек, буырқанып, долданып,  
Селдеттің сен жағанды!

Кепке шейін көшкі судан осылып,  
Жатты сүлк кеудесі іріп, есіліп.  
Асты ызалы Теректен тез тесіліп,  
Ақтарыла ақты өзен.  
Ақ көбікті шашып, шулап, есіріп,  
Жосылды қар мұзбенен.

Көшкі үстінен көсіліп кең жол жатты,  
Тартынып өгіз, тағыдағы ат шапты,  
Жетектеді түйесін де тоғанакты  
Кең даланың көпесі.  
Сол далада Эол<sup>1</sup> ойнакты  
Салады көктің еркесі.

## ЦЫГАНДАР

Орманды өзен бойындағы  
Қоңыр кешкі бір іңір. \*  
Жарық лаулап от жанады,  
Шатырда шу, өлең-жыр.

Есенсіз бе, бақытты ұрпақ!  
Мен танысқам отынмен.  
Егер болса өзге бір уақ  
Кетер ме бұл шатырмен.

Ертенгі таң сәулесімен  
Кетер еркін шатырың.  
Сіз кетерсіз — бірақ сізбен  
Кетпейді бұл ақының.

Тентіреу, түнеу, қаңғу көшін,  
Есерлігін ескінің,  
Ұмытты, ойлап үйдің тыншын,  
Деревняның дәстүрін.

## ҚИЯЛЫМНАН ТҮҢІЛДІМ

Қиялымнан түңілдім,  
Тілегімді тауыстым;  
Жемісі бос көңілдің  
Тек азаппен алыстым.

Дауылы тас тағдырдың  
Солдырды өмір гүлімді.  
Жабырқаумын, жалғызбын,  
Тұрмын күтіп өлімді.

Соңғы суық соққандай  
Қалған кейін жапырақ,  
Тоңып бүрсең қаққандай  
Тұр бұтақта қалтырап!..

1991 12 22

## ӘУРЕ СЫЙ, КӨЛДЕНЕҢ СЫЙ...

Әуре сый, көлденең сый, өмірім сен,  
Әуелде не үшін маған беріліп ең?  
Сыры көп сұм тағдырдың бұйрығымен  
Неліктен бұйырылдың өлімге сен?

Өзімді күштеп салып ештігіне,  
Жоқ жерден мені шақырып келтірген кім?  
Толтырып құмарлықты көңіліме,  
Отымен ойымды өртеп күдіктердің?

Жүрегім қуыс, тіпті түк жоқ ойда,  
Алдымда медеу қылар мұратым жоқ.  
Өмірдің бір дауысты шулауында  
Қажыдым, шер шаршатып, қуатым жоқ,

## АНЧАР

Қу далада, құла түз,  
Жер қақтаған күн тамыз.  
Күзетшідей жапанда  
Анчар — ағаш түр жалғыз.

Табиғаты сахраның  
Өсірді оны ашумен:  
Тамыр, бұтақ, жапырағын  
Суғарды да зәрлі умен.

Түстегі ыстық ерітсе,  
Қабағынан тамады у.  
Кешкі салқын қорытса,  
Мөлдір сағыз у қою.

Қонбайды құс ағашқа,  
Жоламайды жолбарыс  
Тек жел ажал ағашқа  
Салып өтер бір жарыс.